**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы**
**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 358 Бұйрығы**

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (А.А. Түрлубек) заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер-Министрінің**
**орынбасары - Министр** **Ә. Исекешев**

КЕЛІСІЛГЕН
Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі
_______________ Е.А. Досаев
2012 жылғы 5 қазан

КЕЛІСІЛГЕН
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
агенттігінің төрағасы
______ Ғ.Р. Әбдірахымов
2012 жылғы 18 қазан

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2012 жылғы 3 қазандағы
№ 358 бұйрығымен
бекітілген

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы**
**ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11)

тармақшасына сәйкес әзірленді және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызмет тәртібін айқындайды.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Президенттің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Комиссияның негізгі міндеті заңды тұлғалардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы құжаттарын қарастыру болып табылады.

## 2. Комиссия қызметін ұйымдастыру

4. Комиссия құрамын Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің басшылығы бекітеді.

5. Комиссия құрамына сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органның өкілдері кіреді.

6. Комиссияны төраға басқарады, ол Комиссияның қызметін басқарады, Комиссия мәжілісінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімінің асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасар орындайды.

7. Комиссия жұмысының ұйымдық-техникалық қамтамасыз етілуін Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті жүзеге асырады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия мәжілісінің күн тәртібін қалыптастырады, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді және Комиссия мәжілісінің хаттамасын жасайды.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

9. Комиссияның жұмыс мәжілісінің материалдары Комиссия мүшелерінің әрқайсысына мәжілістің болуына кем дегенде бес жұмыс күні қалғанда жеткізіледі.

10. Комиссия мәжілісі айына екі рет жүргізіледі және оған Комиссияның жалпы мүшелер санының кемінде үштен екісі қатысатын болса, заңды болып табылады.

## 3. Комиссияда материалдарды қарау

11. Комиссия аккредиттеуге ұсынылған құжаттарды қарауды энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органға құжаттар түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

12. Комиссия аккредиттеу туралы куәліктің берілуі немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған төрағалық етуші, қатысушы мүшелер және Комиссия хатшысы қол қояды.

13. Комиссия шешімінің қорытындылары бойынша уәкілетті орган заңды тұлғаға аккредиттеу туралы куәлікті береді не аккредиттеуден жазбаша дәлелді бас тартуды сәйкесінше шешімді қабылдаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

14. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері білдірілген жағдайда, олар жазбаша түрде жазылады және Комиссия хаттамасына қоса беріледі.